

## **Пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінің бар болуы туралы ақпарат**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде 2016 жылдан бастап (қазан айынан) «Антиплагиат. ЖОО» (дербес нұсқаға мерзімсіз лицензиясы бар) автоматтандырылған ақпараттық жүйе қолданылады.

МЖМБС (бакалавриат, магистратура) сәйкес, осы жүйеде барлық бітіру (дипломдық, магистрлік) жұмыстары плагиатқа тексеріледі. Ғылыми жұмысты жазу, сондай-ақ, докторлық диссертацияларды кафедраның кеңейтілген отырысында талқылау кезеңінде докторанттар осы жүйе арқылы тексеру рәсімінен өте алады.

Бизнес-үдерістердің өзара іс-қимылы білім алушының, ғылыми жетекшінің және/немесе кеңес берушінің, нормаға бақылаушының, кафедра меңгерушісінің жеке кабинеті арқылы дербес жүргізіледі.

«Антиплагиат. ЖОО» ақпараттық жүйесі автоматты режимде 24 сағат жұмыс істейді (мекенжайы: [antiplagiat.enu.kz](http://antiplagiat.enu.kz)).

Сонымен қатар, «Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ диссертациялық кеңесі туралы ережеге», сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 /Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі бұйрығы бойынша енгізілген өзгерістерімен/ бұйрығымен бекітілген «Диссертациялық кеңес туралы типтік ережеге» сәйкес, қорғауға қабылданғаннан кейін 10(он) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңес докторанттың диссертациясын отандық және халықаралық деректер базасында плагиатқа тексеру үшін «ҰМҒТСО» АҚ жібереді.